

ОТБАСЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ОТБАСЫ МЕН БАЛАЛАР ТУРАЛЫ НЕ ОЙЛАЙДЫ


1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні және Дүниежүзілік ата-аналар күні ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың отбасы және балалар туралы жауаптарын ұсынады.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл ең көне халықаралық мерекелердің бірі, ол 1950 жылдан бері бүкіл әлемде аталып келеді. Ал тоғыз жыл бұрын, 2012 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-сессиясында **Дүниежүзілік ата-аналар күнін** белгілеу туралы шешім қабылданды. Мерекенің мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының, ата-ананың рөлін еске салу.

Бәлкім, бұл күні бүкіл әлем жұртшылығы балаларға да, ата-аналарға да мұқият назар аударатыны заңды шығар! Өйткені ата-аналар мен балалар – біртұтас, ал бала тек ата-анасымен ғана бақытты бола алады!

18 және одан жоғары жастағы қазақстандықтардың әлеуметтанушылық сауалнамасының нәтижелеріне сәйкес респонденттердің **82,3%-ы отбасылы адам**, яғни олар жұбайымен бірге тұрады немесе бұрын тұрған. Тиісінше, үйленбеген және бойдақ респонденттердің үлесі 17,7%-ды құрады.

Елімізде сауалнамаға қатысқандардың 76,6%-ы ата-аналар, бұл ретте 58,7%-ында кәмелетке толмаған балалары бар, ал респонденттердің 17,9%-ында балалары кәмелетке толған. **Көбінесе отбасында 2 кәмелетке толмаған бала барлар басым (36,9%)**. Шамамен әрбір төртінші отбасында 16 жасқа дейінгі бір бала немесе осындай үш бала бар. Респонденттердің 12,8%-ында 4 және одан да көп баласы бар, яғни көп балалы отбасылар.




1-сурет. Сізде кәмелетке толмаған қанша бала бар?

Әлеуметтанушылық сауалнама барысында қазақстандықтарға: «Сіз өмірде бақытты отбасын құрып, жақсы балаларды тәрбиелей алдыңыз ба?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің басым көпшілігі бұл сұраққа оң жауаптар берді.

Респонденттердің 91,8%-ы бақытты отбасы туралы оң пікір білдірді. Сонымен қатар, олардың 67,7%-ы бақытты отбасын құрып үлгерді және респонденттердің 24,1%-ы бақытты отбасы құра алатынына сенімді.

Сауалнамаға қатысқандардың 92,7%-ы жақсы балаларды тәрбиелеуге мүдделі. Респонденттердің 61,0%-ның пікірінше, олар жақсы балаларды тәрбиелей алды. Тағы 31,7% өз балаларын жақсы тәрбиелей алатынына сенімді.



2-сурет. Сіз өмірде бақытты отбасын құрып, жақсы балаларды тәрбиелей алдыңыз ба?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат.

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – мамыр, 2019 жыл.

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 172 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 6800 респондент.

Статистикалық қателік 1,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – маусым, 2020 жыл.